«ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ ЗАНЯТОСТИ И СОЦИАЛЬНЫХ ПРОГРАММ ГОРОДА КОСШЫ»

БҰЙРЫҚ

01.10.2026 №01-07/126
Қосшы қаласы

ПРИКАЗ

№01-07/126 от 01.10.2026
город Косшы

«Қосшы қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ-нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған «Қосшы қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ-нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары бекітілсін.
2. Кадр мәселелері жөніндегі маман осы бұйрықты Қосшы қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қызметкерлеріне жеткізсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

«Қосшы қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ басшысы **Б.Бөкеева**

Бланк сериялық нөмірсіз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. Қызмет бабына қажетті көшірмелер шектеулі данала жасалады, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ.
Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве, ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке.

Бұйрыққа қосымша
2026 жылғы _____
№_____

1. Жалпы ережелер

1. «Қосшы қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ-нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары (бұдан әрі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеуші – «Қосшы қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар Қосшы қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесін белгілеуге бағытталған.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеудің міндеттері:

1) Қосшы қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің лауазымды тұлғаларының тұрақты сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқын қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық көріністерін уақтылы анықтау және олардың теріс салдарының алдын алу.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың қағидаттары:

1) заңдылық;

2) ашықтық;

3) әдептілік;

4) Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау;

5) мүдделер қақтығысына жол бермеу.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар Қосшы қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде жұмыс істейтін

қызметшілердің белгіленген қағидаларды мүлтіксіз сақтауына және сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеуге бағытталған іс-әрекеттері мен шешімдерін айқындайды.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың негізінде мынадай жағдайларда сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу тұрғысынан лауазымдық міндеттерді орындау жөніндегі тікелей іс-әрекеттер көзделеді:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт қамтитын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде;

2) өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде;

3) нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау кезінде;

4) тиісті өмір сүру саласының ерекшелігіне байланысты өзге де қоғамдық маңызы бар қатынастарда.

2. «Қосшы қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ-де жұмыс істейтін қызметшілердің мінез-құлық (іс-әрекет) қағидалары

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт қамтитын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:

1) қабылданатын шешімдердің заңдылығы мен әділдігін қамтамасыз ету;

2) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілердің және өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайын пайдаланбау;

3) шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпау;

4) заңда тәртіптік, әкімшілік не қылмыстық жауаптылық көзделген теріс қылықтар мен өзге де құқық бұзушылықтардың жасалуына жол бермеу;

5) басқа мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне заңсыз араласуға жол бермеу.

9) Өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде:

1) тікелей немесе жоғары тұрған басшыға мүдделер қақтығысының, қызметтік міндеттерін орындау кезінде жеке мүдделіліктің туындағаны, сыбайлас жемқорлық мінез-құлқына және сыйлықтар алуға көндіру фактілері, сондай-ақ өзіне белгілі болған сыбайлас жемқорлық фактілері туралы баяндау;

2) лауазымдық міндеттерін орындау кезінде жеке және пайдакүнемдік мүдделерді басшылыққа алмау;

3) белгіленген өзара қарым-қатынас тәртібін бұзатын, олардың бейтарап қызметтік шешім қабылдауына ықпал етуі мүмкін құқыққа сыйымсыз өтініштермен әріптестеріне және басшысына жүгінуден тартыну;

4) басқа адамдарды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға көндірмеу және ынталандырмау;

5) лауазымдық өкілеттіктерді пайдалана отырып мүліктік пайда, игілік немесе артықшылық алу мақсатында әріптестеріне, басшыларына және өзге де лауазымды адамдарға сыйлықтар бермеу және қызметтен тыс қызметтер көрсетпеу;

6) лауазымдық өкілеттіктерін орындауға байланысты сыйлықтар қабылдамау;

7) таратуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу немесе шығару мақсатында пайдаланбау;

8) жақын туыстық қатынастарда тұрған адамдардың (ата-аналары, жұбайлары, аға-інілері, апа-сіңлілері, балалары) тікелей бағыныстылығымен немесе бақылауында болуымен байланысты лауазымға тағайындалудан бас тарту;

9) қандай да бір адамға кәсіпкерлік және табыс алуға байланысты өзге де қызметті жүзеге асыруға жәрдем көрсетуден тартыну;

10) үшінші тұлғалардың мүдделерін білдіруден немесе лоббилеуден, сондай-ақ олардың атынан әрекет жасаудан тартыну.

10. Мемлекеттік қызметтер көрсету және рұқсат беру құжаттарын беру кезінде лауазымды адамдарға:

1) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру бойынша тұрақты негізде шаралар қабылдау;

2) мемлекеттік қызметтер мен рұқсат беру құжаттарын алуға арналған өтініштерді қарау кезінде созбалаңға салуға жол бермеу, оларды белгіленген мерзімдерде беру;

3) мемлекеттік қызметтер мен рұқсат беру құжаттарын алуға өтініш берушілермен қызметтен тыс қатынастарға түспеу;

4) мемлекеттік қызмет көрсету, рұқсат беру құжаттарын алу үшін бекітілген тізбеге кірмейтін қосымша құжаттарды, сондай-ақ ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды талап етпеу және сұратпау ұсынылады.

11. Құзыретіне кіретін заңды және жеке тұлғаларға тексеру жүргізуді ұйымдастыру кезінде лауазымды адамдарға:

1) тексеру субъектілерінің заңмен қорғалатын құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына жол бермеу;

2) тексерілетін субъектілерге заңсыз талаптар қоймау, тексеру нысанасына қатысы жоқ өтініштермен жүгінбеу;

3) тексеру жүргізу барысында тексерілетін субъектіге тексеру нысанасына қатысты қажетті ақпаратты ұсыну;

4) жеке және пайдакүнемдік мүдделер үшін кәсіпкерлік қызмет субъектілеріне протекциялық қолдау көрсетпеу;

5) тексерулер жүргізу кезінде тексерілетін кәсіпкерлік субъектілерінен тексеру нысанасына қатысы жоқ құжаттарды талап етпеу;

6) кәсіпкерлік субъектісінің келісімінсіз қызметтік міндеттерін орындау барысында белгілі болған коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты таратуға және (немесе) пайдалануға жол бермеу, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда.

12. Әкімдік қызметкерлерін іріктеу және орналастыру бойынша кадрлық жұмысты ұйымдастыру кезінде басшылар мен мемлекеттік мекеме органдарының лауазымды адамдарына:

1) меритократия қағидатын басшылыққа алу;

2) әкімшілік мемлекеттік лауазымға қабылдау кезінде лауазымды адамдарға жүктелетін негізгі міндеттерді, тыйымдар мен шектеулерді түсіндіру;

3) кадрларды іріктеу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын сақтау;

4) қызметкерлер мен әкімшілік мемлекеттік лауазымға кандидаттардың дербес деректері туралы мәліметтерді негізсіз беруге жол бермеу;

5) әкімшілік мемлекеттік лауазымға жұмысқа орналасуға кандидаттардан заңнамада көзделмеген құжаттарды талап етпеу.

13. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау кезінде:

1) нормативтік құқықтық актілердің жобаларын Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес әзірлеу;

2) кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын сараптамалық қорытынды алу үшін жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктеріне және «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына міндетті түрде түсіндірме жазбаны қоса отырып, оның ішінде осы жобаны мүдделі мемлекеттік органдармен әрбір кейінгі келісу кезінде жолдау;

3) нормативтік құқықтық актілердің жобаларын Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын ескере отырып, «Ашық нормативтік құқықтық актілер» интернет-порталында көпшілік талқылауы үшін орналастыру;

4) тіркелген нормативтік құқықтық актілердің көшірмелерін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне және кейіннен ресми жариялауға жолдау.

14. Тиісті өмір сүру саласының ерекшелігіне байланысты өзге де қоғамдық маңызы бар қатынастарда:

1) бағынысты лауазымды адамдардың міндеттері мен қызметтік өкілеттіктерінің көлемін нақты және айқын айқындау;

2) бағыныстағы лауазымды адамдар арасында еңбек жүктемесінің біркелкі бөлінбеуіне жол бермеу;

3) олардың қызметінің нәтижелерін бағалау, сондай-ақ көтермелеу және тәртіптік жазалар қолдану кезінде әділдік пен объективтілікті сақтау;

4) орындалуы анық мүмкін емес немесе олардың лауазымдық міндеттерінің шегінен шығатын, сондай-ақ заңнамаға қайшы келетін өкімдер бермеу;

5) қызметтік жағдайын бағынысты қызметкерлердің қызметтен тыс сипаттағы мәселелерін шешу кезінде оларға ықпал ету үшін пайдаланбау;

6) бағынысты қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға мәжбүрлемеу;

7) бағынысты және басқа да лауазымды адамдар тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын бұзу фактілеріне жол бермеу және олардың жолын кесу;

8) әріптестерінде олардың лауазымдық міндеттерін орындауы барысында туындаған мүдделер қақтығысын реттеу бойынша уақтылы жан-жақты шаралар қабылдау;

9) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жан-жақты шаралар қабылдау;

10) жоғары тұрған немесе төмен тұрған, не қызметі немесе жұмысы бойынша өзге де тәуелділікте тұрған лауазымды адаммен ақшалай немесе өзге де мүліктік сипаттағы құмар ойындарға қатыспау.